



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365 (print)

ISSN: 3006-1377 (online)

№4 (111)

Астана
2025

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– саяси ғылымдарының кандидаты (алқа төрағасы) (Қазақстан)

ИБРАЕВА
Ақмарал Ғосманқызы

– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ
Жәкен Қожахметұлы

– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашұлы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЙМҰХАМБЕТ
Жанат Әскербекқызы

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ
Ұлан Үмітқалиұлы

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ЖАБАҒИН
Мақсат

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

СЫДЫҚОВ
Айбек Жексеналыұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

БИҒОЖИН
Ұлан Зейноллаұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD докторы (Қазақстан)

ДЮПЮЙ
Пауло

– PhD докторы (Қазақстан)

ҚАРА
Әбдуақап

– доктор, профессор (Түркия)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор (АҚШ)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)

РАДИВОЖЕВИЧ
Мильяна

– PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Zhanat Aimukhambet	– doctor of Philology, Professor (Kazakhstan)
Ulan Umitkaliev	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Victor Merts	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Maxat Zhabagin	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Aibek Sydykov	– PhD (Kazakhstan)
Ulan Bigozhin	– PhD (Kazakhstan)
Zhaxylyk Sabitov	– PhD (Kazakhstan)
Paula Dupuy	– PhD (Kazakhstan)
Kara Abdulvahap	– doctor, professor (Turkey)
Uli Shamiloglu	– PhD, professor (USA)
Gulnara Aitpaeva	– doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan)
Radivojevic Miljana	– PhD, Associate professor (UK)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА
Акмарал Госмановна

– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ
Жакен Кожаметович

– академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашевич

– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЙМУХАМБЕТ
Жанат Аскербековна

– доктор филологических наук, профессор (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ
Улан Умиткалиевич

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ЖАБАГИН
Максат

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

СЫДЫКОВ
Айбек Жексеналыевич

– PhD доктор (Казахстан)

БИГОЖИН
Улан Зейноллаулы

– PhD доктор (Казахстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD доктор (Казахстан)

ДЮПЮЙ
Пауло

– PhD доктор (Казахстан)

КАРА
Абдуакап

– доктор, профессор (Турция)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор (США)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан)

Радивожевич Мильяна

– PhD, ассоциированный профессор (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Этнология / Ethnology / Этнология

- Ахметжан Қ.С.* Көшпелі халықтардағы жоғары әлеуметтік дәреже белгісі – жыға тағу дәстүрі
Ахметжан К.С. Традиция ношения джига – знака высокого социального статуса у кочевых народов
Akhmetzhan K.S. The tradition of wearing a zhiga as a sign of high social status among nomadic peoples..... 7
- Атдаев С.Дж.* Печать как символ власти в туркменском обществе XIX в.
Атдаев С.Д. Мөр – XIX ғасырдағы түрікмен қоғамындағы билік символы ретінде
Atdaev S.J. The seal as a symbol of power in the Turkmen society of the 19th century..... 27

Археология / Archaeology / Археология

- Махмудова В., Алиев И.* Некоторые украшения, обнаруженные в памятнике Хыналыг Губинского района
Махмудова В., Алиев И. Губин ауданының Хыналыг ескерткішінен табылған кейбір әшекей бұйымдар
Mahmudova V., Aliyev I. Some ornaments discovered at the Hynalyq site in the Guba district..... 37

Тарих / History / История

- Артықбаев Ж.О.* Әл-Идриси (XII ғ.) картасы және оны тәпсірлеу мәселесі
Артықбаев Ж.О. Карта аль-Идриси (XII в.) и проблема её интерпретации
Artykbayev Zh.O. The map of Al-Idrisi (XII century) and the issue of its interpretation..... 48
- Somfai Kara D.* Edige and the Nogai epic tradition
Шомфай Кара Д. Едіге және ноғай эпикалық дәстүрі
Шомфай Кара Д. Едиге и ногайская эпическая традиция..... 71
- Летунова Н.В.* Опала и новая глава жизни третьего вождя СССР: Г.М. Маленков и Казахская АССР
Летунова Н.В. КСРО үшінші басшысының қуғынға ұшырауы және өмірінің жаңа кезеңі: Г.М. Маленков және Қазақ АКСР-і
Letunova N.V. Disgrace and a new chapter in the life of the third leader of the USSR: G.M. Malenkov and the Kazakh ASSR..... 87
- Крыгина Е.Д.* Духовное завещание надворного советника А. И. Еникуцева как источник исторического исследования
Крыгина Е.Д. Сарай кеңесші А. И. Еникуцевтің рухани өсиеті тарихи зерттеу көзі ретінде
Krygina E.D. The spiritual testament of court counselor A. I. Yenikutsev as a source of historical research..... 102

Музей ісі / Museology / Музейное дело

- Hanlin Y., Chengming Zh., Fan Zh.* Cross-Cultural Storytelling in Museums: Research on Silk-Themed Exhibitions and Their Global Communication
Ханлин Я., Жанг Ч., Жао Ф. Музейлердегі мәдениетаралық баяндау: жібек тақырыбындағы көрмелерді және олардың жаһандық коммуникациясын зерттеу
Ханлин Я., Жанг Ч., Жао Ф. Межкультурное повествование в музеях: исследование выставок на тему шелка и их глобальной коммуникации..... 114
- Калужников А.В.* Реставрация естественно-исторических коллекций: изделия таксидермии птиц и млекопитающих
Калужников А.В. Жаратылыстану-тарихи коллекцияларды реставрациялау: құстар мен сүтқоректілердің таксидермиялық бұйымдары
Kaluzhnikov A.V. Restoration of natural history collections: taxidermy products of birds and mammals..... 126
- Орынбекова А.Ө.* Музейдің мәдени-білім беру қызметі: мазмұны мен түрлері
Орынбекова А.У. Культурно-образовательная деятельность музея: содержание и формы
Orinbekova A.U. Cultural and educational activities of the museum: content and forms..... 141

Орынбекова А. Ө.

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы

Түркістан, Қазақстан

e-mail: asemorinbekova83@mail.ru

**МУЗЕЙДІҢ МӘДЕНИ-БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ:
МАЗМҰНЫ МЕН ТҮРЛЕРІ**

Аңдатпа. Қазіргі таңда музейлер білім беру үдерісінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Бұл салада жүзеге асырылып жатқан жұмыстардың ауқымы кең әрі мазмұны жағынан алуан түрлі және олардың әрқайсысы мазмұндық және ұйымдастырушылық жағынан түрлі формаларда іске асады. Сонымен қатар, бұл қызмет түрлері тарихи-әлеуметтік жағдайлардың, ғылыми ізденістер мен қоғам талаптарының әсерімен үнемі дамып, жаңарып отырады. Осыған байланысты мәдени білім беру жұмысы музейдің танымдық, тәрбиелік және коммуникативтік қызметтерін жүзеге асырудағы маңызды құрал болып табылады. Бұл мақалада музей қызметінің білім беру аспектілері жан-жақты сипатталып, музейлердің мәдени білім беру қызметінің мазмұны мен түрлері қарастырылады. Зерттеу барысында музейлердің танымдық, тәрбиелік және коммуникативтік әлеуеті ашылып, оның білім беру кеңістігіндегі рөлі айқындалады.

Музейлік білім беру үдерісі, әдетте, интерактивті сипатта ұйымдастырылып, балалардың танымдық белсенділігін арттыруға және олардың оқу процесіне деген қызығушылығын оятуға бағытталған. Мақаланың зерттеу мақсаты: музейлік білім берудің теориялық негіздері, музей педагогикасының мазмұны мен әдіснамалық тәсілдері, білім беру процесіндегі интерактивті формалардың (музейлік сабақтар, квесттер, үйірмелер, клубтар, экскурсиялар) тиімділігін көрсету. Сонымен қатар музей педагогикасы қызметінің дәстүрлі формаларының бірі – музейлік үйірме, оның ішінде «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы базасында ұйымдастырылған үйірме жұмыстарының жүргізілуі сөз болады. Зерттеу нысаны ретінде 2025 жылдың наурыз-мамыр айлары аралығында жүзеге асқан, мектеп оқушыларына бағытталған «Жас экскурсовод» үйірмесінің қызметі алынған.

Кілт сөздер: музей педагогикасы, мәдени білім беру, заманауи әдістер, музейлік сабақ, квест, оқыту формалары, «Жас экскурсовод» үйірмесі.

Дәйексөз үшін: Орынбекова А.Ө. Музейдің мәдени-білім беру қызметі: мазмұны мен түрлері // Мәдени мұра. 2025. №4 (111). бб. 141-154 (қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v24.i4.10>

Кіріспе

Музей тек мәдени мұраларды жинақтап, сақтап, көпшілікке ұсынатын орын ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, ағартушылық және білім беру функцияларын белсенді жүзеге асыратын қоғамдық институтқа айналды. Жаһандану үдерістері мен ақпараттық технологиялардың дамуы музей қызметінің жаңа бағыттарын, әсіресе мәдени білім беру саласындағы маңызын күшейтіп отыр.

Мәдени-ағартушылық қызмет – бұл музей жұмысындағы аса маңызды бағыттардың бірі әрі музейлік коммуникацияның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол музейдің білім беру-тәрбиелеу және бос уақытты тиімді өткізу (рекреациялық) функцияларын жүзеге асыруға бағытталған. Аталған бағыт музейдің барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерін біріктіруші фактор ретінде қарастырылады және музей экспозициялары мен коллекциялары негізінде жүзеге асырылады. Ол музей аудиториясымен жүргізілетін әртүрлі жұмыс түрлері мен формаларын әзірлеу және өткізу арқылы көрініс табады.

Музейлердің мәдени білім беру қызметінің түрлері ондаған жылдар бойы дамыды және уақыт өте келе тарихи жағдайлардың, ғылыми ізденістер мен әзірлемелердің, қоғамның сұраныстарының әсерінен өзгерді. Кейбір жұмыс түрлері дәстүрге айналды және осы күнге дейін өзекті болып келеді. Оларға экскурсиялар, дәрістер, шеберлік сағаттары, музейлік сабақтар, семинарлар, кездесулер, үйірмелер, клубтар кіреді. Музей тәжірибесінде музей үшін дәстүрлі емес жұмыс түрлері олимпиадалар, байқаулар, дебаттар, театрландырылған көріністер, әртүрлі мазмұндағы жекеленген мерекелік іс-

шаралар белсенді қолданылып келеді. Сонымен қатар қазіргі цифрлық технологиялардың көмегімен онлайн-экскурсиялар мен виртуалды көрмелер де кеңінен енгізіліп жатыр. Мұндай жұмыс түрлері музейді білім мен тәрбие берудің заманауи орталығына айналдырып, оны тек мәдени мұраны сақтайтын орын ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік маңызы зор, қоғаммен белсенді қарым-қатынастағы мекеме ретінде көрсетеді. Мақаланың мақсаты: музейлік білім берудің теориялық негіздері, музей педагогикасының мазмұны мен әдіснамалық тәсілдері, білім беру процесіндегі интерактивті формалардың (музейлік сабақтар, квесттер, үйірмелер, клубтар, экскурсиялар) тиімділігін көрсету.

Мәдени білім беру қызметі музейдің тек жәдігерлерді көрсетуімен шектелмей, келушілердің санасына сол мұраның маңызын жеткізуге, олардың мәдени танымын кеңейтіп, рухани дамуына ықпал етуге бағытталады. Осы тұрғыдан алғанда, музейлердің тәрбиелік және білім беру әлеуетін арттыру, экспозициялық жұмысты білім беру мазмұнымен ұштастыру, келушілермен интерактивті байланыс орнату – заман талабына сай музейлер қызметінің басты бағыттарының бірі болып отыр. Бүгінгі мақаламыздың міндеті музейде білім берудің қазіргі даму бағыттарын саралау, тиімді формалары мен әдістерін сипаттау, олардың білім алушыларға тигізетін әсерін талдау болып табылады. Мақаланы дайындау кезінде отандық және шетелдік ғалымдардың музейтану саласындағы еңбектері қолданылып, музейде оқыту мәселесі музей педагогикасының теориясы мен практикасымен байланысты жан-жақты қаралды. Сондай-ақ «Әзірет Сұлтан» ұлттық

музей-қорығы базасында жүзеге асқан «Жас экскурсовод» үйірмесінің қызметі тәжірибелік зерттеу нысаны ретінде қарастырылып, музейдің танымдық, тәрбиелік және коммуникативтік қызметтерін іске асырудағы мәдени білім беру жұмысының маңыздылығы айқындалады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу барысында отандық және шетелдік музей педагогикасы саласындағы ғылыми еңбектер, Ресей мен Қазақстан музейлерінің мәдени білім беру бағдарламалары, жұмыс тәжірибесі мен талдау нәтижелері қолданылды. Нақтылай айтқанда, Б.А. Столяров, Б.В. Емельянов, Л.М. Кетова, М.Ю. Юхневич, Л.М. Шляхтина және т.б. музей саласы бойынша маманданған ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Мақалада дереккөздердің мазмұндық ерекшеліктеріне сай талдау мен бағалаудың өзіндік тәсілдері таңдап алынды. Атап айтқанда, музей педагогикасының қалыптасуындағы негізгі алғышарттар, оның анықтамалық ұғымдары мен түрлері зерттелді.

Сонымен қатар музейдің білім беру қызметін жүзеге асырудың тиімді әдістері – музейлік сабақ, квесттер, шығармашылық тапсырмалар, клуб, музейлік үйірмелер арқылы балалардың ойлау қабілетін, қиялын және мәдени танымын дамыту жолдары қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда музейде білім берудің қазіргі даму бағыттарын саралау, тиімді формалары мен әдістерін сипаттау, олардың білім алушыларға тигізетін әсерін талдау өзекті мәселердің бірі болып отыр. Мақалада келтірілген ғылыми пайымдаулар мен талдаулар музейлердің мәдени білім беру әлеуетін тиімді іске асыруға

бағытталған нақты тетіктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Талдау

Мәдени білім беру – бұл музей қызметінің негізгі әрі маңызды бағыттарының бірі. Оның теориялық негізі ретінде музей педагогикасы алынады. Сонымен қатар бұл бағыт музей коммуникациясының басты буыны ретінде танылып, қоғам мен мәдени мұра арасындағы диалогты қамтамасыз етеді (Каулен, Сундиева, 2009:54).

Музей педагогикасы бұл музей қызметкері мен музей педагогының ғылыми-әдістемелік және тәжірибелік қызметін қоса қамтитын ғылым саласы. Музей педагогикасы музей ісі, тарих, психология, өлкетану, өнертану ғылымдарымен өзара тығыз байланыса отырып, музей қоры арқылы мәдениет пен өнер саласын меңгеруді жаңа деңгейге көтереді (Кетова, 2012:16).

Музей педагогикасы мектеп пен музей арасындағы байланысты күшейте отырып, білім алушының жеке қабілеттерін ашуға бағытталған инновациялық оқу кеңістігін ұсынады. Әлемде музей педагогикасы білім беру үдерісінде белсенді рөлге ие, ал Қазақстанда бұл сала соңғы жылдары ғана дамып, түрлі жобалар мен бағдарламалар қолға алынып келеді. Музей педагогикасы ғылымының дамуының тарихы терең, әрі көп қырлы болып табылады, ол мәдениет, білім беру, тарих және қоғамның басқа да салаларының өзара байланысына негізделген.

Музей педагогикасының негізі XIX ғасырдың соңында қаланған деп айтуға болады. Бұл кезеңде музейлер тек тарихи және мәдени мұраларды жинақтап сақтайтын орын ғана емес, сонымен бірге

олар халыққа білім мен тәрбие беретін орын ретінде де қарастырылды. Білім беру мен музейлердің өзара байланысы туралы алғашқы ойларды ұсынған ғалымдардың бірі – неміс педагогы Готтлиб Дестевег (Столяров, 2004:60). Ол музейлердің оқу мен тәрбие қызметінде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

XIX ғасырдың екінші жартысында музейлерде арнайы педагогикалық бағдарламалар мен көрмелерді ұйымдастыру идеялары пайда болды. Музейлердің рөлі осы кезеңде жалпы мәдениет деңгейін көтеруге бағытталған маңызды құрал ретінде қарастырылды. Себебі музейдің қорын зерттеу белгілі бір ғылым саласын дамытуға септігін тигізеді. Осы кезеңде музейдің бүгінгі таңдағы өзекті құрылымдық бағыты – әлеуметтік және ағартушылық қызметі қалыптасты. Сондықтан музей саласының бұл қызметін білім беру және зерттеушілік деп пайымдауға негіз бар (Юхневич, 2001:8).

Б.А. Столяров музей педагогикасының негізгі мәні – музейде білім беру тек дидактикалық жолмен емес, тұлғаның мәдени құндылықтарға қатынасы арқылы жүзеге асады дейді (Столяров, 1999:43). Демек, музейлік білім беру – бұл адамның рухани-мәдени дамуына ықпал ететін процесс. Бұл ғылым саласы келушілердің жас ерекшеліктерін, қабылдау деңгейін, танымдық қызығушылығын ескеріп, музейлік ақпаратты ұсынудың тиімді әдіс-тәсілдерін қамтиды және оны кең қолдану, оған жоспарлы түрде қарау бүгінгі заман талабы.

Қазіргі таңда музей педагогикасының музейлік білім беру бағытының негізгі мазмұнын айшықтайтын және теориялық тұжырымдардың практикалық тұрғыда іске асуын сипаттайтын анықтамалар мен ұғымдар

жүйесі қалыптасқан. Оларды атап өтетін болсақ музей-педагогы, музей-әдіскері, музей аудиториясы, музейдің мәдени білім беру бағдарламасы, музейлік сабақ және музей коммуникациясы (Шляхтина, 2021:9-13). Сонымен қатар мәдени білім беру қызметінің құрылымында музейдің негізгі функцияларына негізделген бірқатар құрамдас компоненттер айқындалады. Атап айтқанда, бұл – келушілерді тарихи-мәдени ақпаратпен қамтамасыз ету (ақпараттандыру), танымдық-білім беру процестерін ұйымдастыру (оқыту), тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған жұмыс (шығармашылық қабілеттерді жетілдіру), әлеуметтік-мәдени өзара әрекет пен диалог орнату (қарым-қатынас), сондай-ақ келушілерге рухани демалыс ұсыну (рекреациялық қызмет). Аталған компоненттер музейдің білім беру кеңістігін жандандыруға, көпшілікпен тиімді байланыс орнатуға және мәдени мұраны қабылдау үдерісін тереңдетуге септігін тигізеді.

Музейде оқыту – бұл дәстүрлі білім беруді толықтыратын, тұлғаның қызығушылығы мен еріктілігіне негізделген мәдени білім беру үдерісі. Ол музей экспозициялары арқылы қосымша немесе балама білім беруге мүмкіндік береді. Музейлік білім берудің ерекшелігі – оқытудың бейресми сипаты, экспонаттардың түпнұсқалығы мен көрнекілігі, сондай-ақ шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталуы. Бұл үдеріс сабақ, үйірме, викторина, байқау сияқты түрлі форматтарда жүзеге асады және тұлғаның танымдық белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар бұл қызмет түрлері тарихи-әлеуметтік жағдайлардың, ғылыми ізденістер мен қоғам талаптарының әсерімен үнемі дамып, жаңарып отырады. Осыған

байланысты мәдени білім беру жұмысы музейдің танымдық, тәрбиелік және коммуникативтік қызметтерін жүзеге асырудағы маңызды құрал болып қала береді.

Музейлердің мәдени білім беру қызметінің түрлері ондаған жылдар бойы дамыды және уақыт өте келе тарихи жағдайлардың, ғылыми ізденістер мен әзірлемелердің, қоғамның сұраныстарының әсерінен өзгерді. Кейбір жұмыс түрлері дәстүрге айналды және осы күнге дейін өзекті болып келеді. Оларға экскурсиялар, дәрістер, шеберлік сағаттары, музейлік сабақтар, семинарлар, кездесулер, үйірмелер, клубтар кіреді. Музей тәжірибесінде музей үшін дәстүрлі емес жұмыс түрлері олимпиадалар, байқаулар, дебаттар, театрландырылған көріністер, әртүрлі мазмұндағы жекеленген мерекелік іс-шаралар белсенді қолданылып келеді. Сонымен қатар қазіргі цифрлық технологиялардың көмегімен онлайн-экскурсиялар мен виртуалды көрмелер де кеңінен енгізіліп жатыр. Мұндай жұмыс түрлері музейді білім мен тәрбие берудің заманауи орталығына айналдырып, оны тек мәдени мұраны сақтайтын орын ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік маңызы зор, қоғаммен белсенді қарым-қатынастағы мекеме ретінде көрсетеді. Осы негізде музейлерде білім беру қызметін жүзеге асырудың тиімді әдістерінің бірқатарына тоқталып өтсек:

Музейлік экскурсия – бұл келушілердің арнайы экскурсиялық топтарға бірігіп, экспозицияны жүйелі түрде тамашалауы негізінде жүзеге асатын мәдени білім беру түрі. Музейлік экскурсия қоғамның әртүрлі әлеуметтік, жас ерекшеліктері мен білім деңгейіндегі топтарының танымдық сұранысын қанағаттандыруға бағытталады. Бұл әдіс

музей педагогикасының тиімді құралы ретінде, келушілердің мәдени мұрамен тікелей байланысын қамтамасыз етеді.

Экскурсия барысында аудиторияның белсенділігін ынталандыру әдістері қолданылғанымен, оның мазмұнын меңгеру көбіне экскурсоводтың кәсіби біліктілігіне байланысты. Экскурсовод – экспозиция мен келуші арасындағы байланыс орнатушы тұлға. Ол экскурсияның құрылымын ұйымдастырып, мазмұнын іріктеп, көрсетілетін экспонаттар арқылы тарихи-мәдени ақпаратты жүйелі әрі тиімді жеткізеді. Осылайша, экскурсия – музейдің мәдени-ағартушылық кеңістігін қалыптастырудағы басты механизмдердің бірі болып табылады (Столяров, 2002:15-16).

Экскурсия музейдің мәдени білім беру қызметіндегі негізгі әрі дәстүрлі бағыттарының бірі ретінде оның қалыптасу кезеңінен бастап қолданылып келеді. Бұл бағыт өзінің динамикалық табиғатымен ерекшеленеді және келушінің белсенді қозғалысын талап ететін музейдегі сирек іс-әрекет түрлерінің қатарына жатады. Экскурсия тек ақпараттық немесе танымдық монолог ретінде емес, музейлік коммуникацияның ерекше түрі ретінде де сипатталады. Ғылыми негізде қарастырғанда, музей экскурсиясы келуші мен экспозиция арасындағы өзара әрекеттестікті ұйымдастырушы коммуникативтік кеңістік болып табылады. Экскурсия барысында әртүрлі әдіс-тәсілдер мен көрсетілім формалары қолданылады, бұл келушінің қабылдау, пайымдау және танымдық белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Қазіргі музейлік тәжірибеде экскурсиялардың бірнеше түрлері кең таралған: оқу мақсатындағы

экскурсиялар, көшпелі экскурсиялар, жеке экспонатты таныстыруға бағытталған мамандандырылған экскурсиялар және т.б. (Емельянов, 2007:128). Олар келушінің музейлік құндылықтарды терең әрі жан-жақты қабылдауына мүмкіндік береді.

Қазіргі музейлердің мәдени білім беру және бос уақытты тиімді ұйымдастыру қызметіндегі өзекті ұғымдардың бірі – **интерактивтілік**. Бұл ұғым келушінің музейлік іс-шараларға тікелей қатысуы, тарихи-мәдени ақпаратты қабылдау және тану үдерістерінің белсенділігімен сипатталады. Интерактивті әдістер арқылы келушілер жәдігерлермен (экспонаттармен) тікелей әрекеттесе отырып, оларды көру, есту, сезу, сипап көру және дәмін тату сияқты бірнеше сенсорлық арналар арқылы қабылдай алады. Мұндай тәсіл музейлік экспозицияның мазмұнын тереңірек түсінуге, эмоциялық және танымдық тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар келушілер музей қызметкерлерімен және топтағы өзге қатысушылармен өзара әрекеттесіп, музей кеңістігінде әлеуметтік және танымдық байланысты дамытады. Осылайша, интерактивтілік музейлердің мәдени білім беру қызметінде жаңа, сапалы деңгей қалыптастырып, оны заманауи талаптарға сәйкестендіруге ықпал етеді.

Интерактивті музей идеясы шетелде 1960-жылдары қалыптаса бастады, оның мәні «Затты білу – онымен әрекет ету» қағидасында жатыр (Юхневич, 2005:42). Сол кезеңде-ақ музейдің көрнекілігі оның әсерін толық жеткізе алмайтыны, жалғыз өзі жеткіліксіз екені туралы түсінік қалыптасты. Аудиториямен, әсіресе балалармен жұмыс істеудің жаңа формалары пайда бола бастады,

олар келушілерден белсенділік пен дербестікті талап етті. Экскурсияларға қолмен ұстауға болатын заттар енгізіліп, сол арқылы музей жәдігерлерін және олардың мәдени-тарихи контексін тереңірек түсінуге жол ашылды. Алайда интерактивті музей идеясы бұдан әлдеқайда ертерек – 1920-жылдары-ақ біздің отандасымыз А.У. Зеленко тарапынан тұжырымдалған болатын (Столяров, 2004:54).

Музейлік сабақ (музейдегі оқу сабағы) – бұл мәдени білім беру (музей-педагогикалық) жұмысының оқу бағдарламасымен және білім беру мекемелеріндегі оқу үдерісіне тән педагогикалық технологиялармен тығыз байланысты арнайы ұйымдастырылған түрі. Мұндай сабақтар, әдетте, музей экспозициясында өткізіледі. Музейлік сабақтың басты ерекшелігі – оның білім беру мекемелерінің бағдарламаларымен байланысты болуы. Аталған форма музей мен оқу орындары арасындағы тығыз ынтымақтастықты қажет етеді. Идеалды жағдайда, музейлік сабақтар музей қызметкері мен мектеп мұғалімі бірлесіп жоспарлаған жағдайда тиімді жүзеге асады.

Музейлерде сабақ өткізу – музей педагогикасы саласындағы өзекті мәселенің бірі ретінде Г. Фройдентальдің «Музей – Білім беру – Мектеп» атты кітабында көтерілді. Автордың пайымдауынша, бірлескен жұмысты жоспарлаудан бұрын музей мен мектептің арасын ажыратып, олардың мүмкіндіктерінің шекарасын белгілеп алу қажет.

Г. Фройденталь музейде сабақтың сәтті өтуін төмендегі талаптардың ескерілуімен байланыстырды:

- музейде өткізілетін сабақ немесе оқушылардың музейге баруының нақты мақсаты болуы қажет;

- мұғалім мен оқушы үшін музейге келу көңіл көтеру емес жауапты жұмыс екенін ұғынып, оған алдын ала дайындалуы қажет;

- оқушылар музейге дайындықпен келіп, музейдегі мәліметтерді қабылдауға дайын болуы тиіс;

- шолу экскурсиясы мектеп оқушыларына өткізілмеуі қажет;

- музей экспозициясын баланың жас ерекшелігіне қарай әзірлеу;

- баланың музейді тамашалауы оның жеке шығармашылығымен қорытындыланады (сурет салу, өлең шығару, мүсіндер жасау және т.б.) (Столяров, 2004:65-68).

Музейлік сабақтар мектептік сабақтардан ерекшеленіп, білімнің бастапқы дереккөзі ретінде музей экспонаттарын пайдалана отырып, зерттеумен шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Музей залдарының ерекше интерьері оқыту процесіне стандартты емес сипат беріп, музейлік сабақтарда оқушылардың мектепте алған тарихи, әдебиеттік және басқа пәндер бойынша білімдерін жаңғыртуға ерекше мән беріледі. Бұл тәсіл білімді тереңдетіп, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Квест (ағылш. quest – «ізденіс») – қатысушыларға бірқатар тапсырмаларды ретімен орындап, белгілі бір нәтижеге жетуді талап ететін топтық ойын түрі. Қазіргі түрі 2000-жылдары қалыптасты. Мұндай ойынға қатысушылар бір-бірімен өзара әрекеттесіп, ақпаратты талдап, эрудиция мен түрлі дағдыларды қолданады. Мақсаты: мысалы, қазына іздеу, қандай да бір құпияны шешу және т.б. болуы мүмкін. Музей кеңістігі өзінің мол ақпараттық әлеуетімен бұл тұрғыда айтарлықтай мүмкіндіктер

ұсынады, сондықтан соңғы жылдары квест музейдің мәдени-ағартушылық іс-шараларының тиімді әрі танымал түрлерінің біріне айналды.

Квест – ойын мен танымдық процесстің бірегей үйлесімі, мұнда қатысушылар таңдалған тақырып бойынша ақпараттың көбін өздері іздеп табады. Мұндай әдістің нәтижесінде мотивация деңгейі жоғарылап, бәсекелестік сипаты оқушылардың қызығушылығын арттырады. Музей экспозициясының эстетикалық кеңістігінде өтетін квест шынайы детективтік оқиғаға қатысу эффектісін тудырып, қатысушыларға эмоционалдық-экспрессивтік әсер береді. Бұл процесс интеллектуалдық және эмоционалды-бағдарлы құндылықтардың қалыптасуына ықпал етіп, музей педагогикасының оқу-тәрбие қызметін инновациялық әдістер арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар квест формасы оқу процесінің қызығушылық деңгейін арттыра отырып, білім алушылардың белсенді танымдық іс-әрекетін қамтамасыз етеді.

Клуб – музейдегі мәдени білім беру қызметтің маңызды формаларының бірі болып табылады. Ол өз қызметін мүшелерінің өздігінен ұйымдастыруы арқылы жүзеге асырады, ал музей бұл процессті үйлестіруші рөлін атқарады. Әдетте клубтардың жұмысын мүшелер сайлаған кеңес басқарады, оған музейдің ғылыми қызметкерлері де кіреді. Клубтардың жұмыс жоспарлары ұжымдық талқылау негізінде дайындалады. Тақырыптық және мазмұндық жағынан клубтар әртүрлі бағыттарды қамтып, музейдің ғылыми және педагогикалық мақсаттарына қызмет етеді.

Клуб жұмысы музейлік тақырыпнамаға негізделі отырып,

музей коллекцияларын пайдалануды, сондай-ақ музей кеңістігінің танымдық әлеуетін арттыруды көздейді. Бұл бағытта клубтар өз жарғылары мен бағдарламаларын әзірлеп, оның аясында түрлі форматтағы іс-шаралар: жиналыстар, ғылыми-танымдық кездесулер, тақырыптық кештер, конференциялар мен пікірталастар ұйымдастырады. Мұндай мәдени білім беру жұмыстары, ең алдымен, жастар мен ересектер аудиториясына бағытталып, олардың мәдени санасын, тарихи танымын және шығармашылық белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

Музейлік үйірме – музейдің бағытына байланысты білімді кеңейту, тереңдету және дағдыларды қалыптастыру мақсатында адамдардың қызығушылықтары бойынша бірігуі. Үйірме жұмысы музей коллекциясы мен оның құрылымдық бөлімдері негізінде жұмыс жасайды. Бұл әдіс музейлік-педагогикалық практиканың бір бөлшегі ретінде әртүрлі жастағы аудиторияның білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған (Юхневич, 2001:44).

Үйірмелердің ерекшелігі – олардың ұзақмерзімділігі (бірнеше айдан бірнеше жылға дейін), тұрақты өткізілуі және маусымдық сипатта ұйымдастырылуы (мысалы, жазғы мектептер).

Үйірмелік жұмыс – теория мен тәжірибені ұштастыратын, қатысушылардың танымдық, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытатын жүйелі және мақсатты әрекет. Үйірмелердің мазмұны бейіндік сипатта ұйымдастырылып, табиғи-ғылыми, тарихи, археологиялық, этнографиялық, өнертанушылық және музеологиялық бағыттарда тереңдетілген білім беру мақсатын көздейді. Мұндай үйірмелер балалар-

дың музейге деген қызығушылығын арттырып, музейлік құндылықтарға құрметпен қарауына жол ашады. Сонымен қатар, бұл балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыра отырып, тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал етеді.

Нәтижелер

Қазақстан музейлерінде әлемдік тәжірибе негізінде музей педагогикасының мазмұны бойынша жұмыс жасайтын құрылымдық бөлімдер бар. Солардың бірі «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы. Үстіміздегі жылы музей-қорықта құрылған «Музей педагогикасы» бөлімі мектептермен тығыз қарым-қатынас орнатып, оқушылар үшін түрлі мәдени білім беру жобаларын әзірлеп, жүзеге асыруда. Мысалы: «Музейдегі тарих сабағы» жобасы, «Ясауи» клубы, «Жас археолог», «Жас реставратор», «Жас экскурсовод» үйірмелері. Бұл мәдени білім беру жобалары жас ұрпақтың бойында халқымыздың тарихи-мәдени мұрасына деген қызығушылықты ояту, ұлттық сана-сезім мен патриоттық тәрбие беру, сондай-ақ шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Музей қабырғасында ұйымдастырылатын үйірмелер – жас ұрпақты отансүйгіштікке, рухани-мәдени мұраны қадірлеуге тәрбиелеудің тиімді жолы. Осы тұрғыдан алғанда, жас буынды экскурсиялық қызметке тарту арқылы олардың туған өлке тарихына деген қызығушылығын арттыру, сөйлеу мәдениетін дамыту және патриоттық сезімін қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл бастама мәдени туризмнің жаңа бағыты ретінде танылып келеді. Біріншіден, жастардың туризм мен экскурсия-

ға қызығушылығын арттырады. Екіншіден, олардың мәдени және коммуникативтік құзыреттерін дамыта отырып, болашақта музей, туризм, тарих саласында кәсіби жол таңдауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, бұл жоба музейлер мен білім беру мекемелерінің өзара ынтымақтастығын күшейтеді (Абдрахманова, 2018:102). Осы орайда, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық музей-қорығы базасында 2025 жылдың наурыз-мамыр айлары аралығында жүзеге асқан, мектеп оқушыларына бағытталған «Жас экскурсовод» шығармашылық үйірмесінің тәжірибесі мен жұмысына тоқталып өтсек.

«Жас экскурсовод» үйірмесінің басты мақсаты – мектеп оқушыларына экскурсия жүргізу мәдениетін үйрету, тарихи-мәдени мұраға деген қызығушылығын арттыру және сөйлеу, коммуникация дағдыларын дамыту болып табылады.

Үйірме сабақтары теориялық және практикалық бөлімдерден тұрады және аптасына бір рет өткізіледі. Оқушылармен жұмысты музей-қорықтың тәжірибелі мамандары – ғылыми қызметкерлер, қор сақтаушылар, археологтар мен экскурсоводтар жүргізеді. Үйірме сабақтарының жалпы ұзақтығы үш айды қамтыды, бағдарламаны сәтті аяқтаған қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды.

«Жас экскурсовод» үйірмесінің бағдарламасы өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік тұрғыда қалыптасуын қамтамасыз ету, балаларды музей кеңістігімен таныстыру, мектепке, туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілікті дарыту мақсатында әзірленген. Бұл бағдарлама музейдегі оқу-тәрбие жұмысы жүйесінде үйірме қатысушыларын экскурсия ісінің

негіздеріне оқытуға бағытталған.

Мектептегі оқыту жүйесі арнайы оқу бағдарламасы арқылы жүргізіледі және пәндер мен курстар бойынша ұйымдастырылады. Сонымен бірге мектептегі оқу жүйесі белгілі бір уақытпен шектеліп, білім деңгейі бақыланып отырады. Ал музей болса, білім берудің формальді емес бағыты бойынша жұмыс істейді. Музейге келушілер өз уақыттарының бос кезінде және белгілі бір құжаттардың негізінсіз келеді. Олар өздерінің жас ерекшеліктері, қызығушылықтары мен әлеуметтік деңгейі бойынша әртүрлі болып келеді (Егізбаева, Жұматаев, 2012:66).

Музей педагогикасының негізгі қағидаларына сәйкес, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құрылатын музейлік білім беру бағдарламалары олардың өмірлік бағыт-бағдарын қалыптастыруға, мәдени құндылықтарды саналы түрде қабылдауға және болашақ өмірге жан-жақты дайындалуына елеулі ықпал етеді.

Еліміздің мектептеріндегі үйірмелер күнтізбелік тақырыптың жоспары аясында оқу жылы бойына өткізілсе, ал біздің музей-қорықта үйірме жұмыстарының ұйымдастырылуы қысқа мерзімді (24 академиялық сағатқа жоспарланған үйірме сабақтарын өту үш айға созылды) сипат алды. Үйірме сабақтары негізінен мектеп оқушылары арасында жас ерекшелігіне қарай: 7-8 сынып оқушылары; 9-10 сынып оқушылары болып 2 топқа бөлініп ұйымдастырылды. Алдын-ала бекітілген тақырыптық жоспар негізінде жүйелі түрде оқытылатын үйірме сабақтары теориялық және практикалық бөліктерден тұрады. Оқытылатын сабақтар жекелеген топтарға бөлініп,

әр топта 8-10 оқушыға дейін болады. Үйірмені оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарында ұйымдастыру басты назарда болуы тиіс.

Үйірме қатысушылары тарих, өлкетану және туризм негіздері бойынша базалық білім алып, экскурсия жүргізу ісінің қыр-сырымен танысады. Алған білімдерін олар практика барысында өз қатарластарына танымдық экскурсиялар ұйымдастыру арқылы қолданады. Осыған байланысты «Жас экскурсовод» шығармашылық үйірмесінде сабақтар 20% теория және 80% практика түрінде өткізіледі.

Үйірме сабақтары барысында оқушылардың дәрістерді меңгеруі мен үйірме сабақтарына қызығушылығы үнемі бақылауда болды. Әр сабақтан соң оқушылар таратылған параққа сабақта алған әсерлері мен сабақ өтудегі өзгеше әдіс-тәсілдері туралы жазып отырды. Бұл әдісті қолдануымыздағы басты себеп, оқушылардың біз ұсынып отырған сабақ өту әдіс-тәсілдерімізді жетілдіруге, коммуникацияның өзгеше түрлерін қолдануға мүмкіндік береді.

Жас экскурсоводтарды дайындау үдерісі бірнеше кезеңнен тұрады: экскурсия жүргізудің негіздерімен танысу, тақырып таңдау, ақпарат жинау, экскурсия мәтінін жазу, сөйлеу техникасын меңгеру және практика жүзінде көрсету.

«Әзірет Сұлтан» ұлттық музей-қорығы базасында құрылған үйірмеде оқушылар Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен Түркістан қаласының тарихи нысандары бойынша экскурсиялар әзірледі. Практикалық бөлімде қатысушылар өздері дайындаған мәтін бойынша бастауыш сынып оқушыларына шолу және тақырыптық экскурсияларын жүргізді. Бұл тәжірибе олардың жауапкершілігін арттырып, өз

ойын еркін жеткізу және музейлік ортада жұмыс істеу қабілеттерін жетілдіреді.

Тәжірибе көрсеткендей, бұл бағыттағы жұмыс оқушылардың тарихи-мәдени нысандарға қызығушылығын арттырып, өз ойын еркін жеткізуге, көпшілікпен жұмыс істеуге, мәдени қарым-қатынасқа үйретеді. Үйірме барысында оқушылар экскурсия жүргізудің негізгі қағидаларын меңгеріп қана қоймай, отансүйгіштік, жауапкершілік және коммуникативтік мәдениет қасиеттерін бойына сіңіреді. Сонымен қатар музейлік ортада білім алу олардың зерттеушілік, шығармашылық және сөйлеу қабілеттерін дамытып, өмірлік және кәсіби бағдар таңдауға негіз қалайды. «Жас экскурсовод» үйірмесінің мүшелері 18-мамыр – Халықаралық музейлер күніне арналған іс-шарасының қонақтарына «Ахмет Ясауи» музейінде экскурсия жүргізіп, өз тәжірибелерін шыңдады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазіргі музейлердің мәдени білім беру қызметі – өскелең ұрпақтың рухани-мәдени дамуына әсер ететін маңызды әлеуметтік-педагогикалық құрал болып табылады. Балалар мен жасөспірімдер аудиториясымен тиімді жұмыс жүргізу үшін музейлер жүйелі, ғылыми негізделген және жас ерекшеліктеріне сай келетін бағдарламалар мен іс-шаралар кешенін қалыптастыруы тиіс. Сабақтастық пен жүйелілік қағидастарына негізделген жұмыс тәсілдері оқушылардың музейлік білімді біртіндеп, тереңдетіп меңгеруіне жағдай жасайды.

Сонымен қатар музей мен білім беру ұйымдарының өзара ықпалдастығы, қоғаммен және ата-аналармен байланысы музейдің әлеуметтік

миссиясын кеңейтіп, оның тәрбиелік және білімдік қызметін тиімді жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Осы бағыттағы жұмыстарды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жетілдіру – қазіргі заман талабы. Сол себепті музейлік сабақ, экскурсия, квест немесе шеберлік сағаты болсын – барлығы да баланың оқуы мен тәрбиесінің ажырамас құрамдас бөлігіне айналуы тиіс.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, музейлердің мәдени білім беру қызметінде үлкен педагогикалық әлеуеттің жатқанын атап өткен жөн. Бұл қызмет рухани өмірді жетілдіруге, бос уақытты тиімді пайдаланып, мәдени демалысты ұйымдастыруға елеулі ықпал етеді. Оқушылардың үйірме жұмысындағы белсенділігі олардың тарихи-мәдени мұраға, өңір тарихына және қолөнерге деген қызығушылықтарын айқын көрсетеді. Осылайша, бала музейдің білім беру бағдарламалары арқылы белгілі бір кезеңге тән заттардың бар екенін үйреніп қана қоймай, бұл ақпаратты бұрыннан

таныс фактілермен байланыстыра алады.

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық музей-қорығында жүзеге асырылып жатқан мәдени білім беру жобаларын музей педагогикасының халықаралық тәжірибеге негізделген қағидаларын тиімді қолданудың нақты үлгісі ретінде қарастыруға болады. Бұл жұмыстар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың тарихи құбылыстарды түсіну, талдау, салыстыру, логикалық қорытынды жасау және ғылыми болжам ұсыну қабілеттерін кешенді түрде дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар музейлік білім беру үдерісі эмоционалдық қабылдау мен мәдени құндылықтарды саналы түрде игеруге жол аша отырып, тұлғаның зияткерлік және рухани дамуына оң әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, музейлердің мәдени білім берудегі әлеуетін кеңінен пайдалану заманауи білім беру жүйесінің өзекті бағыттарының бірі болып қала бермек.

Әдебиеттер

1. Егізбаева М., Жұматаев Р., 2012. Музей педагогикасы: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 122 б.
2. Емельянов Б.В., 2007. Экскурсоведение. Москва. 217 с.
3. Каулен М.Е., Сундиева А.А., 2009. «Словарь актуальных музейных терминов». Музей. №5. С. 47-68.
4. Кетова Л.М., 2012. Музейная педагогика как инновационная педагогическая технология. Человек в мире культуры. №4. Екатеринбург. С.76-81.
5. Столяров Б.А., 2004. Музейная педагогика. История, теория, практика: Учебное пособие. Москва. 216 с.
6. Столяров Б.А., 1999. Теория и практика образовательной деятельности художественного музея. Наук. Санкт-Петербург. 43 с.
7. Столяров Б.А., Соколова Н.Д., Алексеева Н.А., 2002. Основы экскурсионного дела. Санкт Петербург. 161 с.
8. Шляхтина Л.М., 2021. Музейная педагогика: учебно методическое пособие. Санкт Петербург. 60 с.
9. Юхневич М.Ю., 2005. «Шкатулка на замке или открытый чемодан?». Мир музея. № 1. С. 41-43.

10. Юхневич М.Ю., 2001. Я поведу тебя в музей: Учебное пособие по музейной педагогике. Москва. 224 с.

Reference

1. Egizbaeva, M., Jumataev, R. 2012. Muzei pedagogikasy: oqu quraly [Museum Pedagogy: Textbook]. Almaty: Kazakh University. 122 p. [in Kazakh]
2. Emelyanov B.V., 2007. Ekskursovedenie [Excursion studies]. Moscow. 217 p. [in Russian]
3. Kaulen M.E., Sundieva A.A., 2009. Slovar aktualnykh muzeynykh terminov [Dictionary of relevant museum terms]. Muzei. №5. pp 47-68 [in Russian]
4. Ketova L.M., 2012. Muzeynaya pedagogika kak innovatsionnaya pedagogicheskaya tekhnologiya [Museum pedagogy as an innovative pedagogical technology]. Man in the world of culture №4. Ekaterinburg. pp 76-81. [in Russian]
5. Stolyarov B.A., 2004. Muzeynaya pedagogika. Istoriya, teoriya, praktika: Ucheb. posobiye [Museum pedagogy. History, theory, practice: Textbook]. Moscow. 216 p. [in Russian]
6. Stolyarov B.A., 1999. Teoriya i praktika obrazovatel'noy deyatel'nosti khudozhestvennogo muzeya [Theory and practice of educational activity of an art museum]. Saint Petersburg. 43 p.
7. Stolyarov B.A., Sokolova N.D., Alekseeva N.A., 2002. Osnovy ekskursionnogo dela [Fundamentals of excursion work]. Saint Petersburg. 161 p. [in Russian]
8. Shlyakhtina L.M., 2021. Muzeynaya pedagogika: uchebno-metodicheskoye posobiye [Museum education: Textbook]. Saint Petersburg. 60 p. [in Russian]
9. Yukhnovich M.Yu., 2005. Shkatulka na zamke ili otkrytyy chemodan? [A box with a lock or an open suitcase?]. Museum World. №1. pp 4-43. [in Russian]
10. Yukhnovich M.Yu., 2001. Ya povedu tebya v muzei: Uchebnoe posobie po muzeynoy pedagogike [I will take you to the museum: A textbook on museum pedagogy]. Moscow. 224 p. [in Russian]

Оринбекова А. У.

Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Султан»

Туркестан, Казахстан

e-mail: aseminbekova83@mail.ru

КУЛЬТУРНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ МУЗЕЯ: СОДЕРЖАНИЕ И ФОРМЫ

Аннотация. Сегодня музеи становятся важной частью образовательного процесса. В данной сфере реализуется широкий спектр мероприятий, отличающихся разнообразием содержания и организационных форм. Эти виды деятельности находятся в постоянном развитии и обновлении под влиянием историко-социальных условий, научных исследований и общественных запросов. В связи с этим культурно-образовательная деятельность становится важным инструментом реализации познавательной, воспитательной и коммуникативной функций музея.

В статье подробно рассматриваются образовательные аспекты музейной деятельности, содержание и формы культурно-образовательной работы. В процессе исследования раскрывается познавательный, воспитательный и коммуникативный потенциал

музеев, а также определяется их роль в образовательном пространстве.

Музейное образование, как правило, организуется в интерактивной форме и направлено на повышение познавательной активности детей, а также на формирование устойчивого интереса к учебному процессу. Цель исследования – показать теоретические основы музейного образования, содержание и методологические подходы музейной педагогики, а также эффективность интерактивных форм обучения (музейные занятия, квесты, кружки, клубы, экскурсии). Также рассматривается одна из традиционных форм музейной педагогики – музейный кружок, в частности, деятельность кружка, организованного на базе Национального историко-культурного музея-заповедника «Азрет Султан». Объектом исследования стала деятельность кружка «Юный экскурсовод», реализованная в период с марта по май 2025 года и направленного на развитие школьников.

Ключевые слова: музейная педагогика, культурное образование, современные методы, музейное занятие, квест, формы обучения, кружок «Юный экскурсовод».

Для цитирования: Орынбекова А.У. Культурно-образовательная деятельность музея: содержание и формы // Мадени мұра. 2025. №4 (111). С. 141-154 (каз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v24.i4.10>

Orinbekova A. U.

National Historical and Cultural Museum-Reserve «Azret Sultan»

Turkestan, Kazakhstan

e-mail: asemorinbekova83@mail.ru

CULTURAL AND EDUCATIONAL ACTIVITIES OF THE MUSEUM: CONTENT AND FORMS

Abstract. Today, museums are becoming an important part of the educational process. This field encompasses a wide range of activities that vary in content and organizational forms. These types of activities are constantly evolving and being updated under the influence of historical and social conditions, scientific research, and public demand. In this regard, cultural and educational activities serve as a key tool for implementing the cognitive, educational, and communicative functions of museums.

This article provides a detailed analysis of the educational aspects of museum activities, content, and forms of cultural and educational work. The study reveals the cognitive, educational, and communicative potential of museums and defines their role within the educational space.

Museum education is generally organized in an interactive format and aims to enhance children's cognitive activity while fostering sustained interest

in the learning process. The purpose of this study is to explore the theoretical foundations of museum education, the content and methodological approaches of museum pedagogy, as well as the effectiveness of interactive forms of learning (museum lessons, quests, clubs, circles, excursions). The article also examines one of the traditional forms of museum pedagogy – the museum club, specifically focusing on the activities of a club organized at the National Historical and Cultural Museum-Reserve «Azret Sultan»

The object of the study is the “Young Tour Guide” club, implemented from March to May 2025 and aimed at development of the school students.

Keywords: museum pedagogy, cultural education, modern methods, museum lesson, quest, forms of learning, “Young Tour Guide” club.

For citation: Orinbekova A.U. Cultural and educational activities of the museum: content and forms // Madeni mura. 2025. №4 (111). pp. 141-154 (in Kaz.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v24.i4.10>

Автор туралы мәлімет:

Орынбекова Әсем Өмірбекқызы, педагогика ғылымдарының магистрі, ғылыми қызметкер, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК, Түркістан, Қазақстан.

ORCID: 0000-0003-4896-635X

Сведения об авторе:

Оринбекова Асем Умирбековна, магистр педагогических наук, научный сотрудник, РГКП «Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Султан», Туркестан, Казахстан.

ORCID: 0000-0003-4896-635X

Information about the author:

Orinbekova Asem Umirbekovna, Master of Pedagogical Sciences, Researcher, RSE «National Historical and Cultural Museum-Reserve «Azret Sultan», Turkestan, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0003-4896-635X